



Ақмешіт

11 наурыз
сенбі

№20 (1927)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АҚШ пен Еуропа тарапынан Ресейге салынған санкция аз емес. Көршілес елдер арасындағы геосаяси шиеленістің салқыны тек екі елге ғана әсер етпегені белгілі. Соғыс ашқан күннен-ақ Ресей әлем елдері тарапынан санкцияға ілінді. Импорттық, экспорттық тауар тасымалы шектеліп, рубль құнсызданды.

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ ТИМЕСІН ДЕСЕК



Көрші болған соң біздің де экономикамыз Ресеймен байланысты. Өз кезегінде көршіге салынған тыйымның бізге де әсері бар.

Қолда бар дерек көздеріне сенсек, соғыс басталған әуелгі күннен-ақ Ресей валютасымен бірге теңге де құлдыраған. Осылайша еліміздің қор биржасындағы доллар бағамы 452 теңгеге бағаланып, айырбастау пунктеріндегі сатылым көрсеткіші 470-472 теңгені құрады. Жағдайды тұрақтандыру мақсатында Ұлттық банк базалық мөлшерлемені алғашқыда 13,5 пайызға дейін көтерді.

Еліміз сырттан келетін тауарлардың үштен бір бөлігін көршілес елден алады екен. Бұдан бөлек экспорттық өнімдердің тасымалы да Ресей арқылы жүргізіледі. Мәселен, мұнай, газ құбыры, теміржол қатынасы тікелей осы елмен байланысады. Сыртқы сауда байланысымыз тығыз қалыптасқандықтан бұдан Қазақстанға орасан зор зиян келетінін сарапшылар әуел бастан-ақ болжаған. Көрші елге алғашқылардың бірі болып АҚШ пен Ұлыбритания, Вашингтон, Лондон санкция салды. Олардың ізімен Аустралия, Канада, Жапония мемлекеті де бірқатар шектеу енгізді. Сондай-ақ Канверра орыс еліндегі 62 компания мен ірі банктерге, жеке азаматтар мен олардың отбасыларына шектеу енгізді. Бұл қатардан Оттава да қалыс қалмады. Олар Ресейге тауар тасымалдайтын барлық канадалық компаниялардың лицензияларының күшін жойды. Жапония мемлекеті ресейлік банктердің капиталын бұғаттап, виза беруді тоқтататындарын жариялады.

Иә мұндай қысымның салдарынан Ресейдің аз зардап шекпегені анық. Десе де сарапшылар отандық өндірісі дамыған көршілес мемлекеттің енді тек өз-өзін қамтамасыз етуге көшетінін айтқан. Ал жоғарыда айтқандай экспорттың үштен бір бөлігін Ресейден тасымалдайтын дамушы елімізге санкциялардың салқыны тигені бірден байқалды.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ АЙТТЫ. БИЛІК ОРЫНДАДЫ

Белкөл кентінде теміржолдың екі бетін байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі пайдалануға берілді.

ЕЛ КҮТКЕН КӨПІР



Ел игілігіне арналған көпірдің ашылу салтанатында сөз алған қала әкімі Асылбек Шәменов бұл тұрғындардың қауіпсіздігі үшін маңызды екенін атап айтты.

– Бұл көпір халықтың көптен бергі сұранысы бойынша салынып, тұрғындардың теміржолдан өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көпір құрылысы өткен жылы басталды. Құрылыс жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізгені үшін мердігер мекеме «Голден сити» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің қызметкерлеріне алғысымды білдіремін.

Ұлт даналығында «құдық қазған, көпір салған және ағаш еккен» деген үш сауап бар. Бүгінде біз сол сауаптың ең күрделісі және маңыздысын орындадық. Мұны адам тағдырына жауаптылық, қолайлы мүмкіндік жолы деп есептеймін, – делі қала басшысы.

Бірнеше жылдан бері көтеріліп келген мәселеге нүкте қойылып, қолайлы жағдай жасалғанына белкөліктіктер ризашылықтарын білдіріп, ел азаматтарына ақ батасын берді.

Айта кету керек, қазіргі таңда аймақ басшысының қолдауымен қала көлемінде жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Биыл қала мен оған қарасты кент және ауылдық округтер бойынша жалпы сомасы 10 млрд теңгеге 231 көше жөнделеді. 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынады. Ол үшін облыстық бюджеттен 690 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар Ғани Мұрағбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы темір-

жол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі құрылысына Ұлттық қор облыстық бюджеттен 320,6 млн теңге бөлініп, алдағы уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алады.

Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін темір жол өтпесін салуға жобасметалық құжаттамасын сараптама қорытындысымен әзірлеуге облыстық бюджеттен 51,2 млн теңге бөлініп, құжаттары рәсімделуде.

«Бәйтерек» тұрғын ауданында «Қызыл-жарма» су арнасы үстіне көпір салынады.

№18 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Аймақов Бақытжан Дүйсенбайұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен Аймақов Бақытжан Дүйсенбайұлы, 1982 жылы 29 шілдеде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылында дүниеге келдім.

1989-1999 жылдары орта білім беретін мектепте білім алдым.

1999-2003 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Қаржы және несие» мамандығы бойынша білім алдым.

2003 жылы «Ұлар Үміті» зейнетақы қорында менеджер болып жұмыс істедім.

2006 жылдан бастап Қызылорда облыстық «Халық Банк» филиалында бөлім басшысы болып қызмет атқарамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісі және жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау өтетіні белгілі. Мен осы сайлауда Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып, бақ сынағанды жөн көрдім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті, Жаңа Қазақстан құру идеясын қолдап, еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Осы орайда халық пен билік арасындағы алтын көпір қызметін атқаратын депутат болып сайлансам, елдің мұқтажын шешуге жергілікті атқарушы билікпен бірге атсалысып, елге қызмет етсем деймін.

Алдағы сайлауда ел сеніміне ие болып, депутат болып сайлансам, мынадай мәселеге назар аударармын.

– Қала – біздің ортақ үйіміз. Тұрғындарға өмір сүруге жайлы қала жасау – уақыт талабы. Минут сайын жаңалықтар өзгерген заманда уақыт талабына сай «ақылды» қалаға айналу маңызды. Ақылды қала – қауіпсіз қала. Ақылды қала – инфрақұрылымы дамыған, өмір сүруге қолайлы қала. Алдағы уақытта өз қаламыздың ақылды қала талаптарына сай болуын жүзеге асыруға бар күшімді саламын.

– Жасыл қала. Бұл да қалалықтардың бір арманы дер едім. Табиғаты ерекше, жазы аптапты ыстық қала тұрғындары үшін жазда жасыл желекті саябақтар, фонтанды аллеялар көп керегі белгілі. Осы орайда қаламызды жасыл қалаға айналдыру – өзекті мәселенің бірі. Бұл орайда қаланы түгелімен аяқумен қамтамасыз ету жобасын жүзеге асыруды назардан тыс қалдырмаймын.

– Ұлт болашағы. Жастар – ұлт болашағы. Сондықтан да болашағымыздың тәрбиесі балабақшадан басталуы керек. Қалада бүлдіршіндердің сапалы балабақшамен қамтылуы, түрлі тегін үйірмелердің жұмыс істеуі, сонымен қатар «Жайлы мектеп» бағдарламасының сапалы жүзеге асуына назар аударармын.

– Еңбек. Ел болашағы жарқын болуы үшін елге еңбектену керек. Бұл мақсатта жұмыссыздық мәселесін шешу, қала мен қалаға қарасты ауылдарда жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіпкерлік айналысуға барынша қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуын әрдайым назарда ұстаймын.

– Ана мен балаға қамқорлық жасау. Көпбалалы аналардың қоғамдық көлікте тегін жүру, дәрі-дәрмектерді жеңілдікпен алу секілді мәселелердің шешемін табуына ықпал етемін.

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта жасауға назар аударармын.

– Денсаулық – басты байлық. Алдағы уақытта халықтың денсаулық жағдайын жақсарту үшін тегін медициналық қызмет алу тетіктерін әлде де жақсартуға түсу жұмысын қолға аламын.

– Қаржылық сауатталық. Бүгінде несиеге байланған халық аз емес. Осы орайда халық табысын арттыру бағдарламасының тиімді жүзеге асуын қадағалаймын. Сонымен қатар халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында тегін курстар ұйымдастыруға ықпал етемін.

– Еңбек адамын дәріптеу. Кейінгі толқынға тәрбие әрі үлгі ету мақсатында еңбек адамын дәріптеу жүйелі жүруі қажет. Осы орайда еңбек адамын дәріптеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыруға, еңбек адамына құрмет жасау жолдарын қарастыруға назарда ұстаймын.

– Қаладағы көпқабатты үйлерді жаңғырту жұмыстарының сапалы жүргізілуін, көпқабатты үйдің бірінші қабатында орналасқан кәсіпкерлік нысан иелерінің әлеуметтік жауапкершілікті сезінуін, үй тұрғындарына зиян келтірмеу жайын әрдайым назарда ұстаймын.

– Өзіме қарасты округ тұрғындарының түйткілді мәселесінің шешімін табу жолдарын қарастырамын.

– Халық үнін еститін үкімет бағдарламасының ел ішінде жүзеге асуына үлес қосармын. Бұл мақсатта халықтың арыз-шағымын, тілегін әрдайым тыңдап, өз кезегінде шешімін табуына ықпал етемін. Бұл орайда әрдайым сайлаушылармен кездесуімізді назарда ұстаймын.

– Бұқаралық спортты дамыту мақсатында қаланың кез келген жерінде халықтың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Бұл мақсатта демалыс орындары мен спорт алаңдарын көбейтуге ықпал етемін.

– Шағын және орта кәсіпті дамыту. Ел экономикасын алға сүйрейтін шағын және орта кәсіп екені бізге белгілі. Осы орайда халықтың шағын кәсіппен айналысуына барынша жағдай жасау үшін мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалау, кәсіпкерлерге берілетін гранттардың ашық, жария түрде бөлінуі, бөлінген қаржының нәтижелі игерілуі жайын әрдайым назарда ұстаймын.

Құрметті сайлаушылар!
Алдағы сайлауға белсене қатысып, дұрыс таңдау жасау әр адамның міндеті. Біз сайлауға барып, таңдау жасау арқылы болашағымызды айқындаймыз. Ендеше, сайлауға біркісідей қатысып, дұрыс таңдау жасайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

2 БЕТТЕ

ДАУЫС БЕР!

НАР
ТӘУЕКЕЛ!

ЖАСТАРҒА
ЖАҢА МҮМКІНДІК
БЕРЕМІЗ!

№13 бірмандаттық
сайлау округі бойынша
Қызылорда облыстық
мәслихатының
депутаттығына
кандидат



ТАЙМАНОВ
СЕЙІЛБЕК

AMANAT

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Бірде танысымның жақын туысы қайтыс болды дегенді естіп, көңіл айтуға бардым. Қала орталығында орналасқан зәулім үйдің айналасы адам қарасынан көрінбейді. Намазға келгендер көп болды. Үйдің ауласына шатыр тігіп тастаған. Іштегі дастарханға сыймағандар сыртқа жайғасуда. Ал дастарханнан бәрі табылады. Тойдікінен асып түспесе кем емес. Тіпті кей жердерде қаралы үйді той секілді етіп ұйымдастырып жататындарды көзіміз шалып жүр, өкінішке орай... Қазан-қазан ет асып, қатар-қатар дастархан жаю дәстүрімізге дендеп енді. Иә, қаралы үйдің немесе ас-құдайының дастарханна қатысты мәселенің айтылғаны қашан? Әйткенмен жақында Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасы жаназа дастарханна қойылатын тағам түрлерін ұсынды. Соған орай жан-жақта үгіт-насихат жұмысы басталды. Бірі мұны құптаса, екіншісі «ұят болады, көпшіліктен қалмау керек шығар» деген пікірмен әлі санасып келеді. Ал біздегі діни өкілдер мен тұрғындардың көзқарасы қалай? «Жан бар жерде қаза бар» дейтін қазақ, «өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» дегенді қоса айтады. Бұл дүниедегі дәм-тұзы таусылған жақынымыздың жаназасын атқаруда пендешілік әрекеттердің қылаң беріп қалатыны бар. Ырым-ғыйымдар мен діннің шектеулері арасындағы тепе-теңдікті сақтап келген халық бүгінде діннің қалауларына көбірек иек арта бастады. Осы ретте жаназа мәселесі де бірізділікке түсіруді қажет етіп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан бұл мақсатта бірқатар шаруалар атқарылып жатыр. Оған қоса басқарма «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабын даярлап, онда құдайы ас беру тәртібі нақтыланған. Ондағы пәтуалар ысырапшылыққа жол бермеуге негізделген. Бұған кейбір өңір халқы бойұсынса, кейбір өңірлерде құдайы астың ас мәзірі тойға жайылғандай.

БАС ИМАМ БЫЛАЙ ДЕДІ

Осы мәселеге орай біз ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің Бас имамы Болатбек Әбуовке жолығып, пікір алмастық.

— Соңғы жылдары қазақтың жаназа дастарханна тойдікінен кем түспейді. Тіпті адамдар жаназа дастарханна жасаудан жарысатын болған ба деп қаласын. Бұл мәселе бізді де алаңдатып отыр. Негізгі жаназа байлықты көрсетуден жарыс түрінде емес, қарапайым болып өтуі керек.

Құран Кәрімде: «Жендер, ішіндер, бірақ ысырап еткендер! Алла тағала ысырап еткендерді әлбетте жақсы көрмейді» делінген. Олай болса, Аллаға ұнамайтын ысырапшылықтан қашық болуымыз керек емес пе?! Шариағат бойынша қаралы үйден ас әзірлеу, дастархан жаю міндет емес. Мұндай жағдайда ол үйдің иелеріне туыстары немесе көршілері сырттан ас әзірлеп, көмектесу керек. Хадисте «...қазалы үйдің иелерін әурелемендер, олар онсыз да қайғыға ұшырап отыр, оларға ас әзірлеуде көмектесіңдер» деген. Марқұмның қырықын, жүзін, жылын беру сияқты садақалар дәстүрден туындаған. Оның өзі жағдайға қарай, марқұмның жаназасына қатыса алмаған алыстағы ағайынның көңіл айтып, дұға оқуына мүмкіндік жасау мақсатында іске асатын болған. Жыл басында басқарма жаназа дастарханна қойылатын тағам түрлерін

болмай қалды. Оған қоса соңғы кезде несие алып, жаназасын шығаратындары да кездесуде. Себебі «ажал айтып келмейді» деген бар. Ал төсек тартып жатқандарға үйі ақырындап дайындалуы мүмкін, әрине. Ал аяқ астынан болған қазаға қаражатты қайдан таба қойсың? Содан амал жоқ, қарыз алады. Оны адам бермесе, банк береді. Сонымен, мәселе шешіледі. Сөйтіп, жаназаның дастарханна жайнап тастайды.

Десе де қимасы кетіп, қиналып отырғанда бәсекенің қажеті қанша? Асыл дінімізде ысырапшылыққа жол берілмейді. Құран Кәрімнің «Исра» сүресінде «Ысырап қылушылар шайтанға туыс» делінген. Демек, аста-төк дастархан жайып, ысырапқа бой алдыру — құптарлық жағдай емес.

ТҮРКИЯДА БӘРІ БАСҚАША...

Жалпы дін тақырыбы қозғалса, журналист ретінде Сыр елінің тумасы Тұрар Әбуовке хабарласатынымыз бар. Бүгінде ол Түркияда білім алуда.

— Қайтыс болған кісінің атынан ас беруді мұсылман шариағатында міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды деп үнемі имамдарымыз ескертіп келеді. Егер жағдайы болмаса, отбасы марқұмның атынан ас бермесе, одан ол күнәһар болып қалмайды. Ал жағдайы сауапты ас берме, елге тамақ таратудың сауапты іс екенін білеміз. Құдайы ас берілген жағдайда ысырапқа жол беріл-

қайнатылған күріштің жанына тауық етін немесе өзге де тағам дайындап аз-аздан таратады. Мұнан соң түрік пахлавасы мен бір стакан шайын ұсынады. Басқа ешнәрсе жоқ. Тіпті бұл елде тойдың өзінде де ысырапты көрмейсің.

Негізінде ислам діні әу бастан ысырапшылықты қолдамайды. Ал біздің елімізде жаназа және одан кейінгі рәсімдерде ысырапшылық мәселесі өткір болып тұр. Қазақстанның кейбір өңірлерінде бірізділікке түсіп келеді. Ал біздің Қызылорданың кейбір аудандарында жерлеу рәсмінде әркімнің мәселелері бар секілді. Облыстың бас имамы Болатбек қажы Ұласқанұлы қызметке келгеннен бері осы мәселені үнемі айтып, бірізділікке болу керектігін ескертіп жүр. Алдағы уақытта осы бекітілген мәзірдің шегінен шықпауды халыққа түсіндіруіміз керек.

Ысырапшылық пен дара-қалықтың соңы жақсылыққа апармайды. Ас бергенде несие алып шашылудың қажеті де жоқ. Біз қаралы үйдің қайғысын жеңілдетуіміз керек, — деді дінтанушы-сауапшы, Түркия мемлекеті Ерджемис университетінің докторанты Т.Әбуов.

ҚМДБ бекіткен дастарханға қойылатын тағам түрлері:

- Бауырсақ, шелтек нан
- Сары май
- Шекер
- Құрт, қоспа, ірімшік
- Өрік, мейіз, құрма
- Күріш, ет, жайма.

ЖАНАЗА ДАСТАРХАНЫ ЖАРЫС БОЛМАСЫН

жариялады. Қазір жүрген жерімізде, көпшілік арасында ұсыныстар айтып, түсіндіріп жатырмыз.

Бүгінгі таңда қай ел болмасын етек-жеңін жиып, қиындықтан шығу, ысырапқа жол бермеудің түрлі жолын қарастыруда. Ал біз әлі сол дархандық қалпымыздан шыға алмай жүрміз. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деп Абай ақын айтқандай, қазіргі қоғамда белең алып отырған мәселенің бірі — жаназадағы түрлі жағдайлар. Ойлап қарасаңыз, бір шаңырақта кісі қайтса, әуелі құрбандыққа шалатын мал іздеп кетеміз. Жерлеу рәсміндегі мәйітті жерлеуді кешіктіру сүннетке, мәйітті құрметтеуге қайшы әрекет болып саналады. Сондықтан мәйітті барынша тез жерлеуге асыққан жөн. Кісі қайтқанда ең әуелі кірісетін ісіміз — мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын оқу және жерлеу. Міне, артында қалған мұсылманның негізгі міндеті — осы. Өмір қандай ақиқат болса, өлім де хақ. Бақилық болған адамды мәңгілік мекеніне арулап шығарып салу — отбасының, ағайын-туыстың парызы.

Осы сауапты істе барынша жақсы сөздер айтып, ол адамның жақсы жағын еске алып, ертең осы сәт біздің де басымызға келерін естен шығармағанымыз абзал. Өлім мен қабірге қарап, ғибрат алуымыз керек. Кісі өлімін Алланың өзгелерге деген ескертуді деп ұғынуымыз қажет, — деді бас имам.

АДАМ БЕРМЕСЕ, БАНК БЕРЕДІ

Бірақ оған құлақ асып, «бұл жөн екен-ау» деп тыңдай қоятын тұрғындар болса, қанекей... Өйткені ел арасында әлі болса бәсекелестік қалмай келеді. Расында да, біреудің кісісі өмірден өтіп, қайғы жамылып отырса да аста-төк дастархан жайып, марқұм үшін сауап жинауды емес, адамдар алдындағы мақанды ойлаумен әлекпіз. Соның салдарынан бүгінде ысырапшылыққа бой алдырдық. Қазір барлығы бәсеке болғаны рас. Біреу біреуден қалып бара жатса, қарызданып, қауғалану таңсық



местен атқарылуы керек. Меніңше, мешіт имамдары ұсынған тізімдегі ас мәзірінің өзі көптік етеді. Мысалы, осы күні сары май, ірімшік, құрт секілді сүт өнімдерінің бағасы қымбат. Оған әркімнің шамасы жете бермеуі мүмкін.

Түркия халқы шариағат ұстануда көптеген елге қарағанда көш ілгері деп білемін. Осы жақта жүргендіктен жақсы білемін. Мұнда марқұм болған кісінің артынан қырық, жүзі, жылдық асы деген дүние жоқ. Тек жерленгеннен бірнеше күн өткеннен кейін отбасында немесе есік алдына шатыр құрып, ағайын-туысқа дастархан жайып, дұға етеді. Сондағы ас мәзірі кесе көлеміндегі ыдысқа сорпа, кейін екінші тамақ ретінде

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Жаназа дастарханна барлықты, яғни дүниені көрсетіп мақтанатын кез емес. Ол — азалы да, қазалы жер. Мұнда қарапайымдылықты таныту болса, бір жағы ағыл-тегіл ысырапты тыю. «Алла разылығы мен әруаққа сауабы тиісін» деген ниетпен емес, атақ-мансапты ойлап, «пәленшеден кем қалмайын» деп, байлығын көрсетіп, бірнеше ірі қара малды шалып, ат шаптырып, дүние шашу дұрыс емес. Марқұмдардың басына тым әшекейлі, ерекше күмбезді, биік те үлкен, елден оқшауланған мазар салу да ысырап.

Оған қоса тиын шашу, жыртас жырту, шапан тарату да ысырапқа жатады. Кей жердерде бұған шектеу қойылғанымен, арасында мұндай таратуларға тоқтам болмай тұр. Асылында, қайтыс болған адамға тиетіні — Құран дұғасы. Сол дұғаның дұрыс болуы жөн амал жасауымызға байланысты. Өмірдегі жалған мансапты ойласақ, дүние салған марқұмға сауап тимесі анық. Сондықтан жаназа дастарханна жарыс болмасын. Қарыздануды емес қарапайымдылықты, ел алдында мақтануды емес Алла алдында сауапты амал жинауды үйренсек, нұр үстіне нұр болары хақ. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген нақыл өміршен екені мәлім, ағайын.

Ақтолық НҮРЛЫБАЙ

Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімімен 2023 жыл мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар бойынша қысқаша баяндайды.

Жалпы сәулет және қала құрылысы саласы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету бағытында бірқатар пәрменді шаралар атқарылып келеді.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты салалық төрт бөлім орналасқан ғимаратта «Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа жүйелі түрде қызмет көрсетіліп келеді. Онда күту залы мен электрондық кезек күту терминалы тұрақты түрде жұмыс жасауда.

Бір терезе қағидаты бойынша қалалық сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, құрылыс және тұрғын үй бөлімдері күту залында белгіленген орындар бойынша халыққа тиісті қызметтерді көрсетуде.

Бұдан басқа күту залында орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы да жүйелі жұмыс істеп, жеке және заңды тұлғалар арнайы қойылған компьютерлерді қолдануда.

Жалпы бүгінгі таңда сәулет және қала құрылысы бөліммен жеке және заңды тұлғаларға 7 (жеті) мемлекеттік қызмет түрі көрсетіліп келеді, олар:

- 1) Эскизді (эскиздік жобаны) келісу;
- 2) «Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»;
- 3) «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»;

- 4) «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру»;
- 5) «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру»;
- 6) «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»;
- 7) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

Соңғы екі мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша стандарт қабылданғаннан бастап осы кезге дейін бөлімге бірде-бір өтініш түспеді.

Қалған қызмет түрлері «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік

қоғамы мен «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылуда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша жеке және заңды тұлғалардың 28289 өтініші қаралып, олар бойынша нақты жауаптар берілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған арнайы оқулар бөлімде ұйымдастырылып, қызметтері сапалы, әрі мерзімінде орындалуда.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, үнемділік пен тиімділік қағидаттары басты назарда болады.

